



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55 66 31, 55-66-35, факс: 55-72-94

05.04.19 № 3 гс

2019 жылғы 5 сәуірдегі
тұрақты комиссия

Астана қаласы мәслихатының
2018 жылғы 24 тамыздағы "Тұрғын
үй қорын басқару саласындағы
атқарушы органның қызметін жетілдіру,
көрсетілетін қызметтердің сапасы және
тұрғын үй-коммуналдық саладағы
халықтың құқықтарын қорғау туралы"
бірлескен отырысының қаулысының
орындалу барысы туралы

Бланк үйдегі жағдайда
Бланк нөмірінде жазылған
Бланк без номинального номера недействителен

«Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 тамыздағы "Тұрғын үй қорын басқару саласындағы атқарушы органның қызметін жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы халықтың құқықтарын қорғау туралы" бірлескен отырысының қаулысының орындалу барысы туралы ақпаратты тыңдалап және талқылай отырып, қалалық мәслихаттың құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы атқарушы органдар аталған қаулының ұсынымдарын орындау бойынша шаралар қабылдануда.

Елордада тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштарды, инженерлік коммуникацияларды ұстау ережелерін әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрлігіне ұсыныстар жолданды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сәулет-құрылыш қызметі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді және мемлекеттік нормативтік талаптарды бұзушыларға тиісті шаралардың қолданылуын бақылауды қатаандату бойынша шаралар қабылдануда. Осы мақсатта 2018 жылдың жалпы сомасы 85610248 тг. 441 субъект әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Анықталған бұзушылардың жою бойынша берілген үйгарымдарды орындағаны үшін сотқа әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін 364 әкімшілік материал жолданып, 26 134 171 тг. өндірілді.

2018 жылы Алматы ауданы бойынша 7 көппәтерлі тұрғын үйде ТКШ жаңғырту аясында курделі жөндеу жүргізілді. 2019 жылы осы мақсатта 10 үйге курделі жөндеу жүргізу жоспарланған, оның 7-і Алматы ауданына жатады. Осы мақсатта жобалау-сметалық құжаттама әзірленді және тиісті органға бюджеттік өтінім берілді.

Тұрғын үй қорына қызмет көрсету саласында қала тұрғындарының проблемалық мәселелері бойынша ПИК жұмысын жақсарту мақсатында, 2018 жылы 486 субъект бойынша 1265 тексеру іс-шаралары өткізілді. Жүргізілген тексеру іс-шараларының және берілген ұйғарымдардың қорытындысы бойынша 91 үйдің кіреберістерін жөндеу, 45 үйдің шатырын жөндеу, 97 үйдің қасбеттерін жөндеу бойынша жұмыстар жүргізілді, 14 нысан бойынша жинақ шоттары ашылды және т. б.

Е-ПИК электронды жүйесін енгізу бойынша қызмет жандандырылуда, оған елорданың барлық 486 пәтер иелері кооперативі қосылған. Е-ПИК жүйесі жұмысының нәтижелеріне жүргізілген талдау бойынша барлық үш жүйе бойынша пайдаланушылардың орташа саны 15-тен 30-ға дейін тіркелген пайдаланушылардың құрайды. Пайдаланушылардың жалпы саны сондай-ақ барлық үш жүйе бойынша өсіп, 2000-нан 6000-ға дейін өзгеріп отырады. Белсенді пайдаланушылардың жалпы саны 7300 пайдаланушының құрайды.

Инженерлік желілерді қалалық кесіпорындарының балансына беру аясында 2018 жылы 45 912,2 млн. теңгеге 19 нысан берілді. 2019 жылы жалпы сомасы 63 150,8 млн. теңгеге беру жоспарлануда. 8 203,5 млн. теңге сомаға 14 нысан "Астана қаласының активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-де тұр.

Дүкенұлы к-сі, 4-те орналасқан тұрғын үйдің құрылышын аяқтау бойынша мәселе бақылауда тұр. Бүгінгі күні "Технополисжилстрой" ЖШС осы нысаннның құрылышы бойынша объектідегі қасбеттік жұмыстар аяқталды және кесіпорын нысаннның ішінде әрлеу жұмыстарына кірісude.

"Лифт Профи-НС" ЖШС лифт үйімі Ташенов көшесіндегі № 6/1 үйдің лифтінің сапасыз жөндеу жұмыстарын жүргізген ақауларды жойды. "Родина-Астана" ЖК көппәтерлі тұрғын үйі басқару органды мен "Лифт Профи-НС" ЖШС лифт үйімі арасында лифт жабдығына техникалық қызмет көрсетуге шарт жасалды.

Қала бойынша рейдтік іс-шаралар тұрақты негізде жүзеге асырылады және Нұр – сұлтан қаласы аумағында иттер мен мысықтарды ұсташа және серуендету ережелерін (бұдан әрі-ереже) сақтау қажеттілігі туралы елорда тұрғындарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 2018 жылы Ережені бұзғаны үшін 643 жеке тұлға жауапқа тартылды, айыппұлдың жалпы сомасы 1 249 195 теңгені құрады.

Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы тұрғын үй қорын басқару саласындағы атқарушы органның қызметін жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және тұрғын үй-коммуналдық салада халықтың құқықтарын қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның ұсыныстары толық көлемде орындауды талап ететінін атап өтті.

Е-ПИК электронды жүйесінің мобильдік қосымшаларын пайдалануда халықтың белсенділігінің төмендігі байқалады. Қала тұрғындары арасында жобаны ілгерілету бойынша мәселелер нашар пысықталуда.

Елорданың тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығын жаңғыруды реформалау нәтижелері бойынша талдау жүргізу талап етіледі, осы саладағы бірінші кезектегі проблемаларды анықтау және шешу мақсатында.

14 мектепті, 17 балабақшаны және 2 колледжді қалалық жылу жүйесіне қосу қажеттілігі туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. Осы мәселе бойынша деңгектегі проблемаларды анықтау және шешу мақсатында.

Дүкенұлы көшесі, 4 мекенжайында орналасқан тұрғын үйге сапалы жөндеу жүргізу қажет.

Тұрғын үйлердегі температураның қызып кетуі тұтынушыларға теріс әсер етеді және мониторинг жүргізуді талап етеді.

Ұйымдардың лифтілердің жарамды күйі мен қауіпсіз пайдаланулына, сондай-ақ қазіргі заманғы және жоғары сапалы лифт жабдықтарын пайдалануды ұйымдастыруға жауапкершілігін арттыруды талап ету керек.

Астаналық тұрғындарын тұрғын үйлердің шатырында жарнама қалқандарын орнату және осы мәселелерді олармен келісу қажеттілігі мәселелері мазалайды.

ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-2 БК қайта құру жүргізіліп, осы нысандар бойынша құрылыш-монтаж жұмыстарын аяқтау 2019 жылғы желтоқсанға жоспарланғанына байланысты, ағымдағы жылы оларды қаланың коммуналдық меншігіне беру мүмкін болмай тұр.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. "Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 24 тамыздағы "Тұрғын үй қорын басқару саласындағы атқарушы органның қызметін жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы халықтың құқықтарын қорғау туралы" бірлескен отырысының қаулысының орындалу барысы туралы" актарат назарға алынын.

2. Нұр-Султан қаласының әкімдігіне тұрақты комиссияның 2018 жылғы 24 тамыздағы " Тұрғын үй қорын басқару саласындағы атқарушы органның қызметін жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы халықтың құқықтарын қорғау туралы" қаулысының ұсынымдарын толық көлемде іске асыру үшін шаралар қабылдау ұсынылсын.

- "Астана Innovatins" АҚ-мен Е-ПИК электронды жүйесінің мобильдік қосымшаларын пайдалануда халықты жандандыру бойынша Нұр-сұлтан қаласы аудандары әкімдіктерінің бірлескен қызметін жақсарту бойынша шаралар қабылдау;

- пәтер иелері кооперативтерінің оны пайдалану жөніндегі қызметін жандандыру мақсатында Е-ПИК электрондық жүйесін іске асыру мониторингінің механизмін әзірлеу және енгізу;

- е-ПИК электронды жүйесінің мобиЛЬДІК қосымшаларын пайдалану жөніндегі жобаға тұрғындарды тарту мақсатында тұрғындар арасында анықтамалық материалдарды (хабарландырулар, парапшалар, баннерлер, флаерлер) тарату бойынша жұмысты жетілдіру, ПИК және басқарушы компаниялар өкілдерімен бірлесіп тұрғындардың жиналысын өткізу және басқа да жұмыс түрлері;

- бар проблемаларды анықтау және шешу жолдарын анықтау үшін елорданың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту нәтижелеріне талдау жүргізу;

- Дүкенұлы көшесі, 4 тұрғын үйді жөндеу бойынша қасбеттік жұмыстарды аяқтау бойынша мәселелерді ерекше бақылауға алу;

- Ұйымдардың лифтілерді ұстау мен пайдалануға және қазіргі заманғы және жоғары сапалы лифт жабдықтарын пайдалануға жауапкершілікті арттыру;

- жалпы мұлік аумағында жарнама конструкцияларын орнатуға және пайдалануға шарттар жасасу кезінде көппәтерлі тұрғын үйдегі үй-жайлардың меншік иелерінің келісімінің болуын қамтамасыз ету;


- тұрғын үй және кеңсе үй-жайларында оңтайлы және рұқсат етілген температуралық нормаларды белгілеу мақсатында қала ғимараттарындағы температураның қызып кетуіне мониторинг жүргізу;

- желілердің тозуын төмендету мақсатында тұтынушылардың артып келе жатқан жүктемесін ескере отырып, жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін жобалау және салу жөніндегі іс-шараларды жалғастыру;

- автономды жылтылатын, білім беру объектілерін орталықтандырылған жылу желілеріне қосу мүмкіндігін қарастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нур-Султан қаласы мәслихатының
құрылышы, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**



С. Жунусов